

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы № 31 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 қаңтарда № 5528 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 91 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.04.2019 № 91 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы №256 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 тамызда №17306 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласының әкімдері осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б.А.Есенғалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғ.Н.Есқалиевке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2019 жылғы 28 қаңтардағы № 31
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге	Етті мал шаруашылығы
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1.1	Тауарлық аналық бас	бас	10 000	103 934	1 039 340	
1.2	Асыл тұқымды аналық бас	бас	20 000	26 456	529 120	
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас	100 000	86	8 600	
3.	Отандық етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын сатып алу	бас	150 000	778	116 700	
4.	Импорттық асыл тұқымды немесе таза тұқымды аналық мал басын сатып алу	бас	225 000	2 260	508 500	
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген бұқашықтардың құнын арзандату	Тірідей салмағының бір килограммы	200	975 590	195 118	
Барлық сомасы					2 397 378	
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы						
1.	Асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу					
1.1	Отандық немесе ТМД елдерінен импортталған	бас	150 000	486	72 900	
2.	Сүт өндіру құнын арзандату:					
2.1	Бағымдағы аналық бас саны 400 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір килограммы	20	480 000	9 600	
2.2		сынақ салмағы-ның	10	816 630	8 166,3	

	Бағымдағы аналық бас саны 50 бастан басталатын шаруашылық	б і р килограммы			
2.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі	с ы н а қ салмағы-ның б і р килограммы	10	287 500	2 875
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауылшаруашылығы кооперативтерінде ірі қарамалдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5000	170	850
Барлық сомасы					94 391,3
Етті құс шаруашылығы					
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	600	23 600	14 160
Барлық сомасы					14 160
Жұмыртқалық құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:				
1)	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,2	37 972 727	83 540
Барлық сомасы					83 540
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас	бас	2 500	18 769	46 922,5
1.2	Тауарлық аналық бас	бас	1 500	118 245	177 367,5
2.	Асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу	бас	8 000	1 240	9 920
3.	Қозы өткізу құнын арзандату	бас	3 000	15 000	45 000
Барлық сомасы					279 210
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	6	600
Барлық сомасы					600
Барлығы					2 869 279,3

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.

2019 жылғы 28 қаңтардағы № 31
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшембірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге	Етті мал шаруашылығы
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу					
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	1749	262 350	
Барлық сомасы					262 350	
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы						
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:					
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	кг	15	28 510	427,7	
Барлық сомасы					427,7	
Барлығы					262 777,7	

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:

кг – килограмм.

2019 жылғы 28 қаңтардағы № 31
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
2-қосымша

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 қазандағы №233 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5354 тіркелген, 2018 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысы;

2. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 9 қарашадағы №259 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 қазандағы №233 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5400 тіркелген, 2018 жылғы

15 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысы;

3. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №288 " Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 қазандағы №233 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5433 тіркелген, 2018 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК